

**Т. Н. Сүлейменов, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстарды алдын ала тергеу кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты;
Н. Н. Сүлейменов, Қарағанды облысы Ішкі істер департаментінің жедел басқару орталығының аға инспекторы**

ТЕРГЕУ ТОБЫНДА ТЕРГЕУШІНІҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Аннотация. Осы мақалада, жедел тергеу топ жетекшісі жеке жоспарлардың тергеу жүргізудің жатты жоспарына сәйкес болуын және олардың дер кезінде орындалып отыруын бақылауға құқылы және міндетті. Мұндай бақылаудың нысандары мен шектері қандай екендігі және ұйымдастырушылық-тәжірибелік сұрақтарды қарастырады.

Түйін сөздер: қылмыстарды ашу және тергеу, тергеу, жедел-тергеулік топтар және бірлескен топтар, тергеуші, тергеу тобының жетекшісі, қылмыстық істер бойынша тергеу, тергеуді ұйымдастыруы және басқаруы.

Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясаттың концепциясы қылмыстық процестің негізгі принциптерінің, қылмыстық соттық іс жүргізу гуманизациясының нақты қылмыстық-процессуалдық нормаларда жүзеге асырылу жолымен, сотқа дейінгі және соттағы стадияларда процедуралардың тез және ықшамдалған түрде жүргізілуі жолымен және қылмыстық процестің бірден-бір көрсеткіші болатындай, адвокаттарды және азаматтарды әділ соттың сәйкес стадияларына қол жеткізудің шынайы механизмімен қамтамасыз ету жолымен қылмыстық-процессуалдық заңнаманың ары қарай жүргізілу жолдарын анықтап берді¹.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет құруға бағытталған құқықтық реформаны жүзеге асыру талаптарында біздің мемлекетіміздің ең негізгі әлеуметтік құндылығы — заңдылықтың сақталуына аса қатты көңіл бөлінеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын реформалауды бастау керек. Ілгері ізгілендіруге, оның ішінде, экономикалық құқық бұзушылықты қылмыссыздандыруға маңыз беру керек. Мемлекет тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстануға тиіс...», — деп атап кеткен².

Сондықтан, сотқа дейінгі өндірістің негізгі нысаны ретіндегі тергеу қызметін жетілдіру, алдын ала тергеу міндеттерін реттейтін қылмыстық іс жүргізу нормаларын, оның қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін, тергеу қызметін жүзеге асырудың процедурасы мен оларды Қазақстан Республикасында танылған қылмыстық іс жүргізу құқығы және халықаралық құқықтық актілердің жалпы жүйесімен сәйкес болуын қайта қарауды талап етеді. Осы мақсаттар бойынша аталған қызметті реформалау тергеушінің функциялық міндетін нақты анықтауға, оған қажетті құзіреттер беруге, сондай-ақ сырттай қандай да бір әсер етуді болдырмайтын тергеу аппаратын қайта құруға бағытталуы қарастырылған.

Қылмыстарды ашу және тергеудің қатысушыларының өзара әрекеттесу сұрақтарын Е. Л. Гаркуша, В. Слинько және т. б. қарастырған³.

Жасалған қылмыстарды ашу және тергеуге қатысушылар арасындағы өзара әрекеттесу туралы айта отырып, біз тек субъектілер үшін өзара әрекеттесудің жалпы мақсаттарына қол жеткізуді жүзеге асыратын нұсқауларды орындауға негізделген өзара әрекеттесу туралы ойлауымыз қажет. Қылмыстарды тергеу бойынша тергеулік, жедел-тергеулік топтармен басқа да бірлескен топтардың мәні бойынша көзқарасты сипаттай отыра, авторлардың бірінші тобының — күрделі және көлемді қылмыстық істерді тергеу үшін тергеушілер мен жедел қызметкерлердің бірлесе отырып бірыңғай жұмыс атқаратын жедел-тергеу тобы өте тиімді болып танылатындығы тұрғысындағы көзқараста екендігіне назар аударған жөн болады⁴. Әрекет

ететін топтар — яғни тергеушілердің бірі басшылық ететін тергеулік және жедел қызметкерлердің бірі басшылық ететін жедел топтар құрудың ойға қонымдылығымен байланысты болған⁵.

Заң бойынша өзара әрекеттесуге басшылық етуге міндетті тергеуші өз тәжірибесі секілді кәсіби дағдыларында жедел қызметкерге жол беруі тиіс. Мұндай жағдайда тергеушінің тарапынан процессуалдық басшылық ету көбінесе жедел қызметкердің тарапынан нақты басшылық етушілікке жол береді.

Тергеу топтың ішкі құрылымы жоспарланған тергеу және жедел-ізвестіру шараларының сипаты мен көлеміне байланысты өзгеруі мүмкін. Бұл кезде, біздің көзқарасымыз бойынша өзара әрекеттесуді ұйымдастыру нысаны шын мәнінде ойға қонымсыз. Тергеу тобының жетекшісі келесі функцияларды атқарады: болжамдар жасайды, тергеу жүргізудің барлық қатысушыларының, сот сарапшыларының, мамандардың жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруды жүргізеді; тергеу жүргізуді жалпылай басқаруды, талдау жүргізу және алынған ақпаратты жалпылауды қамтамасыз етеді; қылмысты ашу мен тергеу жүргізу үшін ерекше маңызы бар тергеу әрекеттерін, ең алдымен оқиға болған жерге қарау жүргізуді жеке өзі жүргізеді.

Аталған топтың мүшелерінің саны қандай да бір тергеу әрекетін жүргізу үшін ұлғайтылуы мүмкін, атап айтқанда, басқа ауданда немесе басқа қалада жасалған қылмыстың жеке эпизодтары бойынша болжамдарды тексеру бойынша қарастырылған. Бұдан басқа, топтың әрбір мүшелерінің рөлі мен міндеті олардың кәсіби дағдыларын ескеру арқылы мұқият ойластырылған. Келесіде, яғни қажет болған жағдайларда тергеу тобы екі топқа бөлінеді: тергеулік және жедел топтар.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу нормаларына, сондай-ақ қабылдау нәтижесінде төменде көрсетілген бірқатар мәселелер мен сұрақтар туындаған бірқатар заңдар мен ведомстволық нормативтік актілерге талдау жүргізу ғылыми мүддені тудыруда: тергеу топтарының қандай түрлері құрылуы мүмкін; прокурордан басқа, жедел-тергеу тобын құру туралы шешімді кім қабылдайды; жедел-тергеу тобын құру туралы шешім қандай құжатта көрсетілуі тиіс, сондай-ақ жедел-тергеу тобының мүшелері топ жетекшісінің тапсырмалары мен нұсқауларын қандай құжат негізінде орындайды.

Тіпті тергеулік жағдайды ескере отырып, әртүрлі қылмыс түрлерін тергеуге қолданбалы ұйымдастыру шараларының типті кешендерін анықтауға болады. Қажет болған жағдайда, (сезіктілер санын, тергеліп жатқан істің көп эпизодтылығын және іс бойынша алдағы уақытта атқарылуы тиіс жұмыстарды ескере отырып) жедел-тергеу тобы құрылады.

Сонымен қатар, біздің пікірімізше, топ мүшелерінің, сондай-ақ топтар мен ішкі істер органдарының аумақтық жедел-ізвестіру бөліністерінің, прокуратура мен сот-сараптама мекемелерінің өзара әрекеттесудің ұйымдастырылуы ерекше мәнге ие болады деген ойдамыз. Бір іс бойынша тергеушілер тобының жұмыс атқаруы әртүрлі бағытта және әртүрлі орындарда бір уақытта тергеу жүргізуге мүмкіндік береді, ал бұл оның тиімділігін арттырады. Белгілі бір жағдайларды шұғыл арада анықтау қажет болған кездерде топтың бар күші бір сәтте шоғырландырыла алады. Бір мезгілде жауап алу арқылы жалған жауаптар беру тұрғысындағы келісушілік жоспарының жолы кесіледі немесе елеулі төмендейді. Бір уақытта тінтулер жүргізу арқылы қылмыскерлердің қылмыстық тәуекелдерінің, сондай-ақ олармен байланысты тұлғалардың іздеудегі мүліктерді жасырып қоюдың жолы кесіледі. Осылайша, тергеу жүргізудің мерзімі азайып қана қоймайды, сонымен қатар шынайы ақиқатқа қол жеткізудің қосымша кепілі пайда болады. Бұл кезде, осы оң нәтиже «шынайы ақиқат» санатының өзіне күмәндану жағдайының өзінде де орын алады немесе жағдайды тану үшін қосымша уақыт мүмкіншілігін береді.

Топта жұмыс атқаратын тергеушілердің процессуалдық мәртебесінің ерекшелігі — Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 198-199-баптарына сәйкес, тек бір ғана тергеуші істі өз өндірісіне қабылдайтындығында және басқа тергеушілердің іс-әрекеттерін басқаратындығында⁴. Осылайша, аталған норманың мағынасы бойынша тергеу тобында тергеуші-басқарушы бар және тергеушілер-топ мүшелері бар. Тергеуші-басқарушы істі өндіріске қабылдағаннан кейін тергеу жүргізудің нәтижелері бойынша толық жауап береді. Нақты осы себеп бойынша жетекшісіз тергеу жүргізудің бағытын айқындайтын келесідей шешімдер қабылдана алмайды: айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы, айыптың саралануы мен көлемі туралы, істерді жеке өндіріске бөлу және біріктіру туралы, істі тоқтата тұру және қысқарту туралы, тергеу жүргізудің аяқталуы және айыптау қорытындысын толтыру және т. б. Тергеушілер-топ мүшелеріне аталған шешімдерді қабылдау құзырын беру тек ерекше жағдайларда ғана мүмкін болады, мысалы, басқа қалада тұратын тұлғаны айыпталушы ретінде жауапқа тарту қажет болғанда, егер де топ жетекшісі осы бойынша айыпталушының жүрген жеріне бара алмайтын болса. Ал тергеу жүргізудің бағыты жоспармен анықталады. Осыған байланысты, жетекшінің міндеті — тергеу жүргізудің бағытын анықтаудан тұрады. Шын мәнінде жалпы құрылған жоспар осындай топты құруға ниет етуге қызмет етеді.

Топ жетекшісі жеке жоспарлардың тергеу жүргізудің жалпы жоспарына сәйкес болуын және олардың дер кезінде орындалып отыруын бақылауға құқылы және міндетті. Мұндай бақылаудың нысандары мен шектері қандай екендігі — құқықтық сұрақ емес, яғни ұйымдастырушылық-тәжірибелік сұрақ болып табылады⁷.

Тәжірибеге талдау жүргізу жедел-ізвестіру (анықтау органдарының) қызметін жүзеге асыратын орган басшыларының осындай топтардың жұмысына қатыспайтындығын растап отыр. Олар анықтаушылар, жедел қызметкерлер, учаскелік инспекторлар санынан іс бойынша өндіріс жүргізетін нақты орындаушыларды тағайындайды. Бұдан басқа, құрамына әртүрлі мамандықтардың сарапшылары кіретін сарапшы-криминалистикалық топтар құру өте орынды болып табылуы мүмкін. Осындай топтарды құрудың дұрыстығы мен ғылыми негізділігін Н. К. Медведев және В. В. Токаревте негіздеген. Алайда, Р. Н. Мамошина дұрыс атап өткендей, мұндай топтар өз бетімен, яғни дербес әрекет ете алмайды, олар өз білімдерін тергеушінің тергеу әрекеттерін жүргізу барасында қосымша көмек ретінде қолданады⁸.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу заңы осындай бір түрін ғана, яғни құрамына тергеушілер кіре алатын тергеу тобын ғана атап өтеді. Осыған байланысты алдында айтылып кеткен топтардың санынан тек соңғысы ғана қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына көп дәрежеде және Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 198 «алдын ала тергеуді тергеу тобының жүргізуі», 199 «тергеу тобының жетекшісінің құзыреті» баптары жекелей алғанда сәйкес келеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 199-бабы 4-бөлігі «Тергеу тобының жетекшісінің құзіреттері» осы көрсетілген мәселелерді шешуде ешқандай айқындық танытқан жоқ. Онда тергеу тобының жетекшісі мен мүшелері басқа тергеушілер жүргізетін тергеу әрекеттеріне қатысуға, тергеу әрекеттерін жеке өздері жүргізуге және қылмыстық іс бойынша шешімдер қабылдауға құқылы — деп белгіленген.

А. Н. Балашовтың пікірі бойынша, қылмыстық істер бойынша тергеу топтарының анықтау органдарымен өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың елеулі ерекшеліктері келесілерден тұрады: тергеу жүргізуді жоспарлау және өзара әрекеттесуді ұйымдастыру, тиісті тергеушілерге анықтау органдарының жұмыскерлеріне тапсырмалар мен нұсқаулар беру және олардан тергеу жүргізудің белгілі бір учаскесі шеңберінде тергеу әрекеттерін жүргізу барысында көмек беруді талап ету құқығын бөлу арқылы, тергеушілер тарапынан процессуалдық басшылық ету және бақылау жүргізудің ауырлық орталығын тергеу тобының нақты жұмыс учаскелеріне ауыстыру; тергеу жүргізудің барлық мерзіміне бас кезінде топ құрамына кіргізілмеген басқа да қызметкерлерді қатыстыру мүмкіндігін беру арқылы жедел қызметкерлер тобын тергеу тобына бекіту; топ құрамында жалпы жұмысты учаскелерге бөлу барысында құрылатын тергеу тобының құрылымына ұқсас ішкі құрылымның жедел қызметкерлерінің болуы⁹.

Қорыта келгенде, тергеушінің жеке өзінің, сондай-ақ тергеу тобының қылмыстарды тергеуді ұйымдастыруының және басқаруының теориялық және тәжірибелік аспектілері қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасының, ведомстволық нормативтік нұсқаулықтардың, әдістемелік хаттар мен нұсқаулардың толық жетілдірілмегенін растайды. Құқық қорғау органдары өз қызметінде қылмыстарды тергеуді ұйымдастыру барысында басқа да, бәрінен бұрын аймақтың спецификасымен негізделетін бірқатар мәселелерге кездесіп отыратыны сөзсіз, бірақ белгіленген мәселелердің кейбіреулерін заңнамалық деңгейде шешу, сондай-ақ оларды шешу бойынша ғылыми кеңестерді қалыптастыру қылмыстарды ашу мен тергеуді ұйымдастыру бойынша жұмыстың сапасы мен жеделділігін арттырады деген ойдамыз.

¹ Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» № 858 Жарлығы.

² Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы ««Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Егемен Қазақстан. 2012. 14 желтоқсан

³ Гаркуша Е. Л. Взаимодействие следователей и органов дознания при расследовании преступлений, совершённых организованными группами и преступными сообществами. — М., 1992. — С. 56.

⁴ Аксёнок Р. Результаты совместных усилий // Соц. законность. — 1983. — № 10. — С. 29.

⁵ Балашов А. Н. Взаимодействие следователей и органов дознания // Социалистическая законность. — 1975. — № 6. — С. 5.

⁶ Қазақстан Республикасының ҚІЖК. — 2012. 15 ақпан.

⁷ Криминалистические версии и основы планомерно-организационного обеспечения криминалистической деятельности // Криминалистика: Учебн. / Отв. ред. Н. П. Яблоков. — 2-е изд., перераб. и доп. — М., — 2000. — С. 107.

⁸ Балашов А. Н. Взаимодействие следователей и органов дознания // Социалистическая законность. — 1975. — № 6. — С. 132.

⁹ Быков В. М. Преступная группа. — Ташкент, 1991. — С. 30.

ХАБАРШЫ-ВЕСТНИК КАРАГАНДИНСКОЙ АКАДЕМИИ МВД РК

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы деятельности следователя в составе следственной группы.

Resume

In this article the questions of activity of investigator are examined in with composition inquisitional group.